



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастадыTDKO KZ
TALDYKORGAN ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№34 (1876) Жұма, 29-тамыз 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен II Абдалла бән әл-Хусейн келіссөзді екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен жалғастырды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Иорданиямен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән беретінін жеткізді.

— Екіжақты қарым-қатынасты дамытуға деген шынайы ниетіңізді жоғары бағалаймыз. Сіздің салмақты әрі сарабдал көшбасшылығыңызды, сондай-ақ аймақтағы және әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі ерекше рөліңізді атап өткім келеді. Сіздің күш-жігеріңіздің арқасында Иордания Таяу Шығыстағы тұрақтылық мекеніне айналды. Диалог пен ықпалдастықты басты бағдар ретінде ұстануыңыздың нәтижесінде Корольдіктің халықаралық аренадағы абырой-беделі артты. Биыл ақпан айында Қазақстан Президенті ретінде Иордания Хашимит Корольдігіне жасаған бірінші

ресми сапарымды ерекше ықыласпен еске аламын. Бүгінгі сапар екіжақты қатынастарға тың серпін беріп, ынтымақтастығымыздың жаңа кезеңіне жол ашатынына сенімдімін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан мен Иорданияны саяси және экономикалық тұрғыдағы ортақ мүдде ғана емес, дін, толеранттылық дәстүрі және өзара құрмет секілді ғасырлар бойғы құндылықтар біріктіреді. Екі ел әлемге сан алуан мәдениет пен конфессиядағы халықтардың тату-тәтті өмір сүріп, адамзат дамуына үлес қоса алатынын көрсетті.

Король II Абдалла қос мемлекеттің достығын жоғары бағалайтынын атап өтті.

— Бүгінгі сапар түрлі саладағы ынтымақтастықты нығайтуға және екіжақты байланыстарды тереңдетуге тараптардың мүдделі

екенін растайды. Бұған дейінгі келіссөздер қорытындысы бойынша бірқатар маңызды келісім мен меморандумға қол қойылды. Бүгінгі уағдаластықтар, сондай-ақ оны табысты іске асыру елдеріміздің арасындағы серіктестікті кеңейтуге берік негіз қалайтынына сенімдімін, — деді Иордания Королі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Аммандағы кездесу барысында тараптар тауар айналымын 500 миллион долларға дейін ұлғайтуға уағдаласқанын еске салды. Қазақстан Иордания нарығына жалпы құны 250 миллион доллар болатын 60 өнім түрін экспорттауға дайын.

Президент «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы мен Иордания уран өндіруші компаниясының (JUMCO) атом өнеркәсібін дамыту саласындағы ынтымақтастығына қолдау білдірді.

Президент Иордания делегациясына еліміздің халықаралық көлік-логистика желісін кеңейту бастамалары туралы

мәлімет беріп, Орталық Азия мен Таяу Шығыс арасында интермодальді жүк тасымалын бірлесе өркендету мүмкіндіктерін қарастыруды ұсынды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы, туризм, цифрландыру салаларындағы ықпалдастықтың әлеуеті зор.

Өз кезегінде Иордания тарапы медицина, фармацевтика, халал индустриясы және қорғаныс өнеркәсібі бағытындағы тәжірибесімен бөлісуге ниетті. Сонымен қатар Royal Jordanian әуе компаниясы келесі жылы Амман мен Алматы арасында тікелей әуе рейсін ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Бұл қадам екі елдің азаматтары мен іскерлік отарының байланыстарын жандандырады.

Бұдан бөлек, тараптар мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтуге, соның ішінде бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізіп, университеттер арасында серіктестік орнатуға қызығушылық танытты.

www.akorda.kz

ЖОЛДАУ-ІС ЖҮЗІНДЕ

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында алдағы жылыту маусымына дайындық барысы қаралды.

Онда энергетика министрі Ерлан Ақкенженов энергия көздері мен жылу желілерінің дайындығы және көмірмен қамтамасыз ету туралы, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев әлеуметтік сала нысандарын, тұрғын үй қоры мен инженерлік инфрақұрылымның дайындығы туралы баяндама жасады. Бірқатар өңір әкімдері тыңдалды.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметінше, қазіргі уақытта жылыту маусымына білім беру нысандары — 92%, денсаулық сақтау нысандары — 91%, тұрғын үйлер — 83% дайын. Сонымен қатар 610 шақырым су құбыры және 101 шақырым жаз желілері, сондай-ақ 11,2 мың автономды қазандық жөнделді.

Премьер-министр қысқы кезеңге жүйелі дайындық қажеттігіне назар аударды.

«Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында энергетикалық инфрақұрылым мен коммуналдық шаруашылықты жаңғырту міндетін қойды. Энергетика секторында тозу дәрежесі жоғары

болуын ескере отырып, жылыту маусымына дайындық жұмыстары қатпарлы әрі сапалы жүргізілуі қажет. «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында электр станцияларын жөндеу мен жаңғырту үшін биылдың өзінде 377 млрд теңге қаржы бөлінді, бұл өткен жылдан 15%-ға жоғары. Сондай-ақ Үкімет резервінен жылу көздері мен жылу желілерін жөндеуге шамамен 48 млрд теңге қарастырылған», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Отырыс барысында өңірлердегі жылыту маусымына дайындық барысына назар аударылды. Еліміздің бірқатар облысы әкімдерінің баяндамалары тыңдалды, онда жөндеу жұмыстарының уақтылы аяқталмай қалу қаупі бар екені айтылды. Мәселен, Ақмола облысында Степногорск жылу электр орталығында резервтік қазандықты жөндеу әлі аяқталған жоқ. Маңғыстау облысында 2-ші жылу электр орталығында екі турбинаны жөндеу мерзімі

ауыстырылды. Сондай-ақ Ақтау қаласында жылу желілерін жаңғырту жұмыстарының қарқыны төмен.

Премьер-министр мұндай мәселелер әкімдер тарапынан жоспарлаудың нашар болуы мен қатаң бақылаудың жоқ екенін көрсетіп отырғанын атап өтті. Бұл ретте кейбір облыстарда қысқа дайындық бойынша Өңірлік штабтардың жұмыстары мардымсыз болып отыр.

Сондай-ақ Премьер-министрдің биыл мамырда жабдықтарды жөндеу мерзімін негізсіз ауыстыруға жол бермеу туралы тапсырмасына қайшы KEGOC компаниясының энергия көздеріндегі жөндеу жұмыстары мерзімдерін ұзартуға рұқсат беру фактілері атап өтілді, мұндай тәжірибеге жол бермеу қажеттігі айтылды. Энергетика министрлігіне мерзімдерді бұзу немесе оларды негізсіз ауыстырудың әрбір фактісі бойынша қатаң шаралар қабылдау тапсырылды.

Сонымен қатар өңірлер әкімдері алдына энергия кәсіпорындарының жылу беру маусымына әзірлігін бағалау комиссиясының жұмысы бойынша бірқатар міндет қойылды.

Жиын соңында Премьер-министр бірқатар тапсырма берді. Энергетика министрлігі өңірлердің әкімдіктерімен бірге жылу көздері мен жылу желілерінде жөндеу жұмыстарының уақтылы аяқталуын қамтамасыз етуі қажет. Биылғы 1 қыркүйекке дейін өңірлерге берілетін әлеуметтік мазуттың жеткізу кестесі бекітілсін.

Энергетика министрлігі Қазақстан теміржолы компаниясымен және өңірлердің әкімдіктерімен бірге энергия объектілеріне көмір мен мазутты бекітілген кесте мен көлемдерге сәйкес уақтылы жеткізу жөнінде шаралар қабылдап, сондай-ақ халықтың көмірмен қамтамасыз етілуіне бақылау белгілеуі қажет.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне, өңірлердің әкімдіктеріне 1 қыркүйекке дейін білім беру объектілерінің толық әзірлігін қамтамасыз етсін, 15 қазанға дейін денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй қоры объектілерінің әзірлігін қамтамасыз ету тапсырылды. Оқу-ағарту Ғылым және жоғары білім, Денсаулық сақтау министрліктеріне аталған мәселені бақылауда ұстау тапсырылды.

www.primeminister.kz

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Жетісу облысында білім беру және денсаулық сақтау нысандарында жылыту маусымына дайындық аяқталды. Сол сияқты көпқабатты тұрғын үйлердің маусымға дайындық деңгейі 96% құрап отыр.



Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, жылыту маусымына дайындалу барысында жылумен жабдықтау объектілері мен инженерлік желілілер жөнделіп, отын сатып алынууда.

«2 турбинаға, 35 қазанға, 79,5 шақырым сумен жабдықтау, 12,8 шақырым жылу, 1,1 мың шақырым электр желілеріне және 208 трансформаторлық қосалқы станцияға жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жылумен жабдықтаушы кәсіпорындар 293 мың тонна көмір және 6,4 мың тонна мазут дайындауда. Оларды бекітілген кестеге сәйкес жеткізу жүргізіледі, қазір 2,3 мың тонна мазут қоры бар. Сонымен қатар бюджеттік ұйымдарына 15,1 мың тонна көмір және 10,6 млн. литр сұйық отын жеткізілуде. Жалпы, облыс бойынша халыққа көмірдің қажеттілігі 397 мың тонна. Бүгінгі таңда 68,3 мың тонна көмір сатылған. Қазіргі кезде облыс қоймаларына орта есеппен тәулігіне 13 вагон немесе 897 тонна көмір жеткізілуде. Жылыту маусымына дайындық жұмыстары жалғасып, бұл шаралар тұрақты бақылауда тұр», - делінген басқарманың хабарламасында.

Дайындық барысында жылыту қазандықтарындағы жаңғырту жұмыстарының маңызы зор. Осы орайда облыс орталығындағы «Баскуат» қазандығы базасында электр қуаты 84 МВт, жылу қуаты 70 Гкал/

сағ болатын бу-газ станциясын салу жобасы іске асырылуда. Жоба 3 кезеңден тұрады, оның екі кезеңі осы жылдың желтоқсан айында аяқталады деп жоспарланған. Аталған жоба толық іске асырылғанда «Баскуат» қазандығының жүктемесі қосымша 30%-ға дейін төмендейді.

Сондай-ақ Текелі ЖЭО-2-ні кеңейту бойынша жалпы жоспар аясында электр қуаты 53 МВт және жылу қуаты 48 Гкал/сағ болатын бу-газ қондырғысын 3 кезеңмен іске қосу көзделген. Бұл жобаны іске асыру нәтижесінде станцияны жаңғырту мәселесі шешіліп, жаңа нысандарды қосуға мүмкіндік беретіндей қосымша жылу қуатты еселенеді.

Газдандыру мәселесіне келсек, Панфилов ауданын қоса алғанда Кербұлақ ауданынан Талдықорғанға дейінгі 126 елді мекеннің 84-і газдандырылды, яғни қамту деңгейі – 58,2%. 2025 жылдың соңына дейін аталған аудандар толық газдандырылғанда қамту деңгейі 71,4%-ға немесе 500 мың адамға жетеді. Сондай-ақ «Талдықорған – Үшарал» газ құбырының құрылысы аяқталуға жақын. Осы жобалар іске асырылғаннан кейін газбен қамтуға жататын 192 елді мекен түгелдей газбен қамтылады, нәтижесінде 624 мыңнан астам тұрғын немесе жалпы халықтың 92%-ы көгілдір отынға қол жеткізеді.

Фото: Дмитрий ЕРОФЕЕВ, Жеңіс ЫСҚАБАЙ



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

«МАМАН» ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен «Отбасы банк» АҚ филиалы («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) «Маман» бағдарламасы басталды. Жаңа бастама өңірдің әлеуметтік және экономикалық өмірінің негізгі салаларында еңбек ететін мамандарды қолдауға бағытталған. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, энергетика, БАҚ және өңірдің басқа салаларының қызметкерлеріне бағдарлама аясында жеңіл шарттармен жеке меншік тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік.

Өтінімдерді қабылдау 2025 жылдың 25 тамызынан басталды, 5 қыркүйекке дейін жалғасады.

«Биылғы жыл ерекше. Мемлекет басшысы оны «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялады. Отбасы банк еңбек адамдарын қолдайды. Сол үшін 2025 жылы біз «Наурыз жұмыскер» бағдарламасын іске қостық. Оның арқасында ел бойынша 1 632 жұмысшы мамандығының өкілдері қолжетімді шарттармен баспана сатып алды. Сондай-ақ банк өңірлерде тұратын азаматтарды қолдауға ерекше назар аударады. Осыған байланысты Жетісу облысында қосымша «Маман» тұрғын үй бағдарламасы іске қосылады. Ол туған өлкенің дамуына күн сайын үлес қосып жүрген білікті мамандарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған», - деп «Отбасы банк» АҚ Жетісу филиалының директоры Жасұлан Құрманғалиев атап өтті.

«Маман» бағдарламасы бойынша несие беру шарттары:

- Қарыз сомасы - 20 млн теңгеге дейін;
- Бастапқы жарна - 10% бастап;
- Сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 5% (ЖТСМ 5,2% дан 5,7% дейін).

Сатып алуға арналған нысандар – бірінші нарықтағы тұрғын үй, соның ішінде ҚТҚ (Қазақстан тұрғын үй компаниясы) кепілдігі болған жағдайда үлестік қатысу, одан кейін екінші нарықтағы тұрғын үй, жер телімі бар жеке үйлер. Тұрғын үй Жетісу облысының аумағында сатып алынады.

Кім қатыса алады?

Бағдарламаға Жетісу облысында кемінде

бір жыл жұмыс істейтін және соңғы үш жылда аталмыш аймақта тіркеуі бар мамандар:

- журналистер мен БАҚ қызметкерлері;
- мұғалімдер мен тәрбиешілер;
- дәрігерлер мен медицина қызметкерлері;
- мәдениет қайраткерлері және шығармашылық одақтардың мүшелері;
- спортшылар мен жаттықтырушылар;
- энергетика саласының мамандары;
- «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызметкерлері;
- туризм саласының қызметкерлері және саяси партия филиалдары аппараттарының қызметкерлері.

Талаптары:

- жас мөлшері - 63 жасты қоса алған жасқа дейін;
- соңғы 5 жыл ішінде өтініш беруші мен отбасы мүшелерінде жылжымайтын мүліктің болмауы;
- Бағдарламаға Жетісу облысында соңғы үш жылда тұрақты тіркеуі бар ерлі-зайыптылардың біреуі ғана қатыса алады.

Іріктеу жүйесі қалай іске асырылады?

Өтінімдер қалалық және аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдерінде қабылданады. Қатысушылар тізімін әкімдік жанындағы тұрғын үй комиссиясы қалыптастырады. Оның өкілдері өтінімдерді балдық жүйе бойынша бағалайды. Бағалау кезінде жасы, еңбек өтілі, отбасылық жағдайы, көмелетке толмаған балаларының болуы, тұрғын үй кезегінде тұруы, үлескерлік мәртебесі, банкпен қатынасы және облыстағы тіркеу мерзімі ескеріледі. Ең жоғары баллды жас мамандар, балалары бар отбасылар және әлеуметтік осал санаттағы кезектегілер ала алады.

Өтінімді қалай беру керек?

Қатысу құжаттар топтамасымен жергілікті тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына (ауданның/қаланың ТКШ) жүгіну қажет:

- әкімдіктен жолдама;
- жеке төлқұжат;
- неке қию куәлігі және балалардың туу туралы куәліктері;
- табыс туралы және жылжымайтын мүліктің жоқтығы жөнінде анықтама.

Жеке кәсіпкерлерден банктік шоттың соңғы 12 айдағы қосымша үзінді көшірмесі талап етілетін болады.

"Отбасы банк" АҚ ресми банкі

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ АРТУДА

Конституция күніне орай Жетісу облысының шекаралық Панфилов ауданындағы 4 ауылда жаңа медициналық нысандар пайдалануға берілді. Сөйтіп ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық қызмет сапасы айтарлықтай жақсарды.

Жаңа медициналық нысандар Көктал-Арасан, Сарпылдақ, Дарбазақұм және Қорғас ауылдарында ашылды. Бұл ауылдарда жалпы саны 2 260 адам тұрады.

Атап айтқанда, Көктал-Арасан, Сарпылдақ және Дарбазақұм ауылдарында 3 блокты-модульді медициналық пункт ашылса, Қорғас ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт пайдалануға берілді. Нысан тиісті диагностикалық және емдеу жабдықтарымен қамтылып, сапалы медициналық қызмет көрсетуге қажетті жағдай жасалған.

Оған қоса осы күздің басында ауданның тағы бір шалғайдағы елді мекені – Сарытөбе ауылында жаңа ФАП ашу жоспарланып отыр.

– Көп жылдан бері біз ауыл тұрғындарына ескі, шағын медициналық пунктте қызмет көрсетіп келдік. Ғимарат әлдеқашан тозған. Енді заманауи медициналық мекемеміз ЭКГ, КТГ аппараттары мен спирография жүргізуге арналған жаңа жабдықтармен қамтамасыз етіліп, соның арқасында көрсететін қызмет түрлері де кеңейді. Мұндай құрылғылар диагнозды дәл қоюға мүмкіндік береді, яғни бұл емдеудің тиімділігін арттырады деген сөз. Сондай-ақ бізде зертхана, процедуралық және егу бөлмелері, гинекология және физиотерапия кабинеттері бар. Бұл кабинеттерде акушер мен медбике жұмыс істейді. Бұдан



бөлек, аптасына екі рет бізде Ата-мекен ауылындағы дәрігерлік амбулаториядан келген учаскелік дәрігер науқастарды қабылдайды, – деді жаңа медициналық мекеменің фельдшері Әлім Құткелдиев.

Атап өтсек, халық тығыз орналасқандықтан, соңғы жылдары Жаркент өңірінің барлық дерлік елді мекендерінде заманауи медициналық мекемелер салынып, пайдалануға берілуде. Мәселен, өткен жылы Ақкент және Ақарал ауылдарында блокты-модульді медициналық пункттер іске қосылса, қазіргі кезде Нәдек ауылында дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүріп жатыр. Жалпы, жыл басынан Панфилов ауданының 11 ауылында медициналық нысандар пайдалануға берілді.

Еске салсақ, Жетісу облысы құрылғаннан бергі үш жыл ішінде өңірде денсаулық сақтау саласында 162 жоба жүзеге асырылды. Олардың 75-і – жаңа нысанның құрылысы, 74-і – блокты-модульді медициналық пункт, 13-і – күрделі жөндеу. Осы жобалардың 75-і биыл толық аяқталады деп жоспарлануда. Соның нәтижесінде облыстағы денсаулық сақтау нысандарының жаңартылу деңгейі 63,8 %-ға жетеді.

АУЫЛДЫҚТАРҒА АРНАЛҒАН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖОБА



Жетісу облысында ауыл халқы үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында «Ашық есік күні» профилактикалық жобасы басталды. Бұл әлеуметтік акция аясында облыстың салалық дәрігерлері аудандық орталықтарға тегін қабылдау жүргізіп, кеңес береді.

мүмкіндік беретінін атап өтті:

– Бүгін ата-аналар балаларын түрлі шағымдармен алып келді. Барлығын қабылдауға тырыстық, өйткені баланың денсаулығы – әрқашан бірінші орында. Балалар – болашағымыз, сондықтан оларға қамқор болу – біздің міндетіміз, – деді Талдықорған қаласындағы №2 емхананың педиатры Орынбасар Төлеубаева.

Облыстық көпсалалы клиниканың онколог дәрігері, директордың медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Бауыржан Бертаев та пікір қосты:

– Біз 178 адамды қарадық. Бірқатар науқастарға қосымша тексеру қажет, кейбіреулерін стационарға жолдадық. Басты мақсатымыз – адамдарға денсаулық жағдайы туралы нақты қорытынды жасап, тиісті ұсыныстар беру. Бұл – онкологиялық аурулардың алдын алу мен ерте анықтауда аса маңызды, – деді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, «Ашық есік күні» жобасы желтоқсан айының басына дейін облыстың барлық аудандарында өтеді, бұл шара сапалы медицинаға қолжетімділікті арттыруға бағытталған.

Ал келесі баратын бағыт – Текелі қаласы.

– Осы тәжірибе арқылы «Ашық есік күні» форматының қаншалықты қажет екенін көрдік. Әсіресе шалғай ауыл тұрғындары облыс орталығына бармай-ақ, салалық мамандардан кеңес алу мүмкіндігіне ие болады. Мұндай профилактикалық шараларды тұрақты түрде өткізіп, мобильді медициналық бригадаларды күшейтеміз, әрі тексеру түрлерін кеңейтеміз, – деп атап өтті облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқар Садықов.

Фото: Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі




КОНСТИТУЦИЯ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ІРГЕТАСЫ

Әрбір зайырлы мемлекеттің даму жолын айқындайтын басты құжат – ол сол елдің Ата Заңы екені баршамызға аян. Қазақстан Республикасының Конституциясы – халқымыздың сан ғасырлық тарихы мен дәстүрлі құндылықтарын сабақтастыра отырып, заманауи өркениет талаптарына сай жасалған, мемлекеттік жүйеміздің берік іргетасы. Бұл тек қана құқықтық нормалардың жиынтығы емес, сонымен бірге ел дамуының стратегиялық бағытын айқындайтын құжат.

жолындағы қадамдары бекемделді. Конституция заң үстемдігін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз етіп, қоғамдағы келісім мен татулықты нығайтып келеді. Мереке қарсаңында әр салада еңбек етіп жүрген азаматтар ой-пікірлерін, жеке көзқарастарын білдірді. Қалалықтар Ата

Заңды еліміздің тұрақтылығы мен бірлігінің символы ретінде жоғары бағалайтынын жеткізді. Олардың айтуынша, Конституция тәртіпті қамтамасыз ететін және әділетті қоғам орнатуға жол ашатын құндылық. Барлығына ортақ тұжырым: сенім, ел болашағына деген бағдар мен жауапкершілік.



Қазақ КСР Конституциясы 1937 жыл



Абылай БЕКЕТ,
Алматы облысының заң консультанттары палатасының мүшесі:

– Биыл біз Ата Заңымыздың қабылданғанына 30 жыл толған тарихи датаны атап өтудеміз. Конституция – мемлекетіміздің құқықтық негізі ғана емес, әр азаматтың күнделікті өміріне бағыт-бағдар беретін құндылық. Заңгерлік жолды таңдаған кезден бастап мен үшін Конституция тек заңдардың жиынтығы емес, кәсіби және азаматтық ұстанымымның темірқазығы болды. Әрбір істі қарағанда, әрбір азаматқа құқықтық кеңес бергенде, ең алдымен, Конституция қағидаттарына сүйенемін. Себебі онда әділеттілік, теңдік, құқық пен бостандықтың түпкі негізі жатыр. Алматы облысының заң консультанттары палатасының мүшесі ретінде менің басты мақсатым – азаматтарға құқықтық қолдау көрсету, олардың мүддесін қорғау. Бұл жұмыстың мәні тек заң нормаларын қолдануда емес, сонымен қатар адамдардың Конституцияға деген сенімін арттыруда деп білемін. Өйткені заңға деген құрмет – қоғамдағы тұрақтылықтың, өзара сенімнің және өркениетті дамудың кепілі. 30 жылдық белес бұл тек мерейтой емес, өткенімізге есеп беріп, болашаққа бағдар жасайтын сәт. Біз Ата Заңымыздың арқасында демократиялық қоғам құрып, жаңа мүмкіндіктерге жол аштық. Ендігі міндет – осы құндылықтарды сақтап, оны келер ұрпаққа аманат ету. Құрметті жерлестер! Конституция күні баршамыз үшін қастерлі мереке. Осы күні әрқайсымыз ел мен заң алдындағы жауапкершілігімізді сезініп, құқықтық мәдениетімізді нығайта түсуіміз қажет.



Құралай БАРИМБЕКОВА,
Талдықорған қалалық орталық балалар кітапханашысы:

– 30 тамыз - еліміздің тәуелсіздік тарихындағы аса маңызды күндердің бірі. 1995 жылы бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Конституция — Қазақстанның мемлекеттік егемендігін, аумақтық тұтастығын, демократиялық және құқықтық қағидаттарға негізделген дамуын қамтамасыз еткен басты құқықтық құжат. Конституция — әр азаматтың бостандығы мен құқығын қорғайтын, бейбітшілік пен тұрақтылықтың берік тірегі. Ол — тәуелсіз еліміздің дамуына жол ашқан, қоғамымыздағы бірлік пен келісімнің кепілі болған басты заң. Бүгінде Қазақстан халқы Конституция аясында бір мақсатқа жұмылып, жарқын болашаққа нық қадам басуда. Бұл мереке әрқайсымыздың ел тағдырына деген жауапкершілігімізді арттырып, Отанға деген сүйіспеншілігімізді бекемдей түседі. Осы мерейлі мерекеде баршаңызға зор денсаулық, бейбіт өмір, татулық пен бақ-береке тілейміз! Егемен еліміздің іргесі берік, келешегі кемел болсын!



Фахреддин МАГЕРРАМОВ,
«Нахичивань» Әзербайжан

этномәдени орталығының төрағасы:

– Бұл жай ғана күнтізбедегі дата емес — бұл біздің мемлекетіміздің берік негізін, әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін, бірлігі мен егемендігін айқындайтын күн. Мұғалім ретінде мен Конституция ескелең ұрпаққа заңды құрметтеуді, азаматтық жауапкершілікті және патриотизмді сіңіретінін нық сеніммен айтамын. Біз тек білімді оқушы тәрбиелеуді ғана емес, өз елінің саналы азаматын қалыптастыруға ұмтыламыз. Конституция — олардың құқықтарын қорғайтын және міндеттерін айқындайтын маңызды құжат екенін түсіну аса маңызды. «Нахичивань» этномәдени бірлестігі атынан айтарым: Елдің Негізгі заңы — Қазақстан жерінде өмір сүріп жатқан барлық халықтардың бейбітшілігіне, келісімі мен теңдігіне берік іргетас болып табылады. 130-дан астам этнос тұратын көпұлтты қоғамда дәл Конституция әр халықтың тіліне, мәдениетіне, дәстүріне құрметпен қарауды қамтамасыз етеді. Біз өз мәдениетімізді дамытып, ұлттық болмысымызды сақтап қалуға мүмкіндік алып отырғанымызды мақтан етеміз. Конституция күні — бұл алғыс айту күні, бұл — ертеңгі күнге деген сенім күні. Әрбір қазақстандық өзін қорғалған, құрметтелген және Отанына қажет екенін сезінсін. Өйткені мықты мемлекет оның негізгі заңына деген құрметтен басталады.



Бахтияр ЖАҚСЫГЕЛДИНОВ,
Жетісу облысының «Жер жаннаты Жетісудың Ұланы» балалар мен жасөспірімдер ұйымының төрағасы және Жетісу жастары жастар орталығының әдеп-құқық жөніндегі менторы:

Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек ел тыныштығын сақтап, саяси тұрақтылыққа баса мән берер, елдіктің бастауы болып табылатын құжат - әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның қатарына кіреді. 2007, 2011, 2017, 2019 жылдары бірқатар өзгертулер мен түзетулер, ал, 2022 жылы өткен жалпыұлттық референдум нәтижесінде Конституцияның 33 бабына 56 өзгеріс енгізілді. Уақыт талабына сай қосымша құқықтық тетіктер мен нормалар жасақталды.

жасап, ұлтаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты сақтай алдық. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Конституция – бұл қоғаммен бірге дамитын, азаматтардың демократия мен әділетке деген ұмтылысын бейнелейтін тірі тетік», – деп атап өтеді. Дәл осы қағидаттар негізінде құрылған заманауи Қазақстанда мемлекетке деген сенім артып, ауқымды реформалар мен өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. ҚР Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам

және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген ерекше мән бар. Бұл сөздер заң нормасы ғана емес, бүкіл мемлекеттік саясат пен әрбір азамат үшін бағыт-бағдар болып табылады. Бүгінгі күні біз қоғамды біріктіретін әрі елдің болашағын айқындайтын құжат Конституцияның барына шын жүректен шүкіршілік етеміз. Бұл мереке әрқайсымызға бейбітшілік, келісім мен бірліктің құндылығын еске салсын, себебі дәл осы құндылықтар – Қазақстанның басты байлығы!



Əlİbek KELDİBEK,
Талдықорған қалалық мәслихаты аппаратының бас маманы:

– Бұл күн еліміздің тарихында жаңа дәуірдің бастамасы, біздің барлық азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарының кепілі, еліміздің тұрақтылығы мен бірлігінің символы. Осы жылдар ішінде Конституциямыз бізге демократиялық дамудың, әділетті қоғамның негізін қалады. Ол әрбір қазақстандыққа өз пікірін айтуға, таңдау жасауға және өмірін өз қолымен құруға мүмкіндік берді. Біз бірге үлкен жолдан өттік: қиындықтар мен сынақтарға қарамастан, еліміз гүлденіп, халқы бірігіп, халықаралық аренада сенімді елге айналды. Биыл Конституциямызға 30 жыл толып отыр. Бұл – тек цифр емес, бұл біздің ортақ тарихымыз, бірлігіміздің, табандылығымыздың айқын көрінісі. Біз Конституцияның арқасында елімізді қорғап, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын сақтау жолында сенімді қадамдар жасадық. Баршаңызды осы айтулы күнмен шын жүректен құттықтаймын! Бірлігіміз бен ынтымағымыз артып, Қазақстан әрдайым бейбіт, берекелі және қуатты мемлекет болып қала берсін.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ИНТЕРВЬЮ

ТАЛДЫКОРГАН –

УСТОЙЧИВО РАЗВИВАЮЩИЙСЯ
И ЭКОЛОГИЧЕСКИ БЛАГОПОЛУЧНЫЙ ГОРОД

Город Талдыкорган уверенно развивается и расширяется, внедряя новые производства и реализуя крупные проекты в сферах энергетики, транспорта и благоустройства. Также активно развивается социальная сфера, создаются новые рабочие места. Все это формирует базу для устойчивого роста и улучшения качества жизни граждан. Аким города Ернат Бәзіл поделился ключевыми результатами и предстоящими планами социально-экономического развития областного центра.

– Ернат Дүйсенбекұлы, в прошлом году удалось сохранить положительную динамику экономического развития. Как Вы оцениваете результаты?

– Действительно, 2024-й год стал для Талдыкоргана знаковым. Мы показали рост по всем ключевым направлениям. В промышленности он составил 4,3%, в сельском хозяйстве – 1,2%, розничный товарооборот увеличился на 7,0%, объем строительных работ – на 16,2%, ввод жилья – на 7,2%. Всего привлечено инвестиций на сумму 73,5 млрд тенге с ростом на 17,6%.

В промышленности запущены пять новых предприятий по производству: стационарных аккумуляторных батарей ТОО «ASMA Industrial», моющих средств ТОО «Каркын групп», сиропа и кваса СПК «Талсай Ет», фибробетонных фасадных панелей ИП «Назар», пластиковых труб ТОО «Полимер Pipe» и расширен цех по производству кондитерских изделий ИП «Рахатаев». Это дало городу свыше 200 новых рабочих мест. Кроме того, в индустриальной зоне заработали простаивавшие предприятия – ТОО «Жетысу Мажиго» и ТОО «Жетысу Май».

Для поддержки и развития бизнеса мы субсидировали ставки вознаграждения по кредитам банков второго уровня. Так, одобрено 206 проектов на 6,9 млрд тенге, гарантировано 86 проектов на 2,1 млрд тенге, предоставлены безвозмездные государственные гранты по 3 проектам на 15 млн тенге.

В жилищной сфере сданы в эксплуатацию 6 кредитных домов на 218 квартир и 97 коттеджей за счет бюджета, а также 9 домов на 472 квартиры за счет частных застройщиков и 3 дома на 180 квартир через АО «Самрук-Казына».

В социальной сфере особое внимание уделили образованию: открыли 6 частных детских садов, 1 мини-центр и дополнительные группы в 5 детских садах, а также частную школу «Умные детки». Проведен капитальный ремонт детского сада

№1 и Центра поддержки детей «Айналайын». В спортивном сегменте распахнули свои двери учебно-тренировочный комплекс для волейбола и общежитие для волейбольного клуба «Жетысу», Центр настольного тенниса и футбольный комплекс «Темирлан Арена».

– Переходя к текущему году, какие новые инвестиционные проекты реализуются в областном центре и как в целом ведется работа по привлечению инвесторов и поддержке предпринимательства? Есть ли планы по созданию новых рабочих мест?

– За 7 месяцев текущего года в сфере промышленности вве-



ге, создано 233 новых рабочих места. До конца года планируем завершить строительство сервисного центра ТОО «Jetisu Agro Complex» и расширение завода ТОО «Кайнар АКБ».

В целом, в экономику города привлечено 29,3 млрд тенге инвестиций, темп роста – 107,7%, из них 13,0 млрд – это внебюджетные средства.

занято около 39 тысяч человек.

Что касается рабочих мест, то в текущем году планируем создать 7385 новых рабочих мест, из них 4792 – постоянные. Уже за 7 месяцев текущего года в городе создано более 4 тысяч рабочих мест, в том числе 233 – в промышленности.

– Какие проекты в социальной сфере будут

ство здания на 300 мест для «Билим-инновация лицей», гимнастического зала на территории спорткомплекса «Өркен» и Дома культуры на 150 мест в селе Еркін. Завершено строительство врачебной амбулатории в селе Отанай. Кроме того, на правом берегу реки Каратал в этом году стартуют работы по возведению реабилитационного центра на 150 мест.

Что касается жилищного вопроса, то он остается одним из наиболее актуальных. На сегодняшний день в очереди на жилье состоят более 16 тысяч человек, из них свыше 6,8 тысяч – это социально уязвимые слои населения. В прошлом году жильем были обеспечены 1283 семьи, в том числе 908 – из категории СУСН. С начала текущего года переданы ключи от 368 квартир и домов, из которых 358 – именно для социально уязвимых граждан. Дополнительно выкуплено 119 квартир и домов на сумму свыше 2,6 млрд тенге.

В 2025 году планируем обеспечить жильем 1521 семью. Для этого завершится строительство 13 многоквартирных домов на 936 квартир, 107 домов в коттеджном городке «Береке», будет выкуплено 200 домов в жилом массиве «Жастар-3» и 150 квартир от застройщика «Жетісу Жилстрой». Уже в этом году сданы 72 дома в «Береке», 56 домов – в «Жастар-3», а также 240 квартир в микрорайоне «Бірлік» за счет фонда «Самрук-Казына».

– Принимаются ли меры для повышения качества городской среды, развития транспорта, улучшения экологии и создания новых зон отдыха?

– Создание комфортной и экологически безопасной городской среды – один из главных приоритетов нашей работы. Сегодня в Талдыкоргане насчитывается 452 двора, и мы системно занимаемся их благоустройством. В прошлом году были обновлены 5 дворовых площадок в микрорайоне «Ұлан» и 2 в селе Еркін, проведен текущий ремонт на 57 придомовых территориях. В этом году реализуем благоустройство 30 дворов в микрорайонах «Жұлдыз» и «Жетісу», продолжим реконструкцию пешеходной зоны по улице Биржан сал. В текущем году уже полностью благоустроены дворы в микрорайоне «Ұлан», их всего 9. Планируется ремонт крыш и фасадов 59 многоквартирных домов. По проекту «Бюджет народного участия» выполняются 22 проекта по строительству спортивных и детских площадок, футбольных полей в разных районах города.

Отдельное внимание уделяется развитию транспортной инфраструктуры. В прошлом году предприятиями пассажирских перевозок обновлено 22 автобуса, а с начала текущего года приобретено еще 3 единицы. В городе насчитывается 282



дены в эксплуатацию три новых производства и расширено одно. Это, в частности, цех по выпуску кондитерских изделий ИП «Дәмді», завод по производству автоклавных газобетонных блоков ТОО «Стальбетон», завод аккумуляторных батарей «Omega Energy», а также расширение завода «Алмаз Керамикс» с запуском третьей линии по выпуску керамических плит. Общий объем инвестиций составил 4,4 млрд тен-

Важным направлением остается поддержка предпринимательства. Мы активно субсидируем ставки вознаграждения по кредитам банков, одобрено уже 20 проектов на сумму 1292,9 млн тенге, по частичному гарантированию – 22 проекта на 1351,5 млн тенге, а также выделены гранты по 3 проектам на 15 млн тенге. Сегодня в городе работает почти 20 тысяч субъектов малого и среднего бизнеса, где

реализованы в этом году и как решается вопрос обеспечения жильем социально уязвимых категорий населения?

– В текущем году в социальной сфере реализуются сразу несколько крупных проектов. В частности, начато строитель-





остановочных комплекса, из них 21 – «смарт». Сейчас строятся еще 36 остановок, и к концу завершения их число достигнет 318. Начаты работы по установке новых 4 светофоров в ключевых точках города. Продолжается строительство 47 улиц протяженностью 25 км в новых жилых массивах, капитальный ремонт 28 улиц (21,5 км) и средний ремонт еще 26 улиц (22,2 км). Проводятся ямочный ремонт и установка 89 «плавающих люков» для повышения безопасности дорожного движения.

Экологическая составляющая – также в приоритете. С 2020 года активно идет газификация: построено 1261,9 км внутриквартальных сетей, подключены почти 39 тысяч абонентов. Реконструированы и переведены на газ пять квартальных котельных, что позволяет снизить нагрузку на экологию. В 2024 году завершено строительство газовых сетей в селе Мойнак и газораспределительных сетей IV-й очереди 22 пускового комплекса, продолжается прокладка газопровода протяженностью 25 км в жилом районе «Жастар-3».

Большое внимание уделяем озеленению. В этом году продолжается благоустройство парка в микрорайоне «Құлагер» и сквера в микрорайоне «Бірлік». Планируется реконструкция сквера по проспекту Назарбаева протяженностью 3 км и площадью свыше 9 га. В рамках экологической акции «Таза Қазақстан» планируется посадка 12 тысяч деревьев – уже более 1,6 тысячи, включая хвойные и лиственные, нашли свое место в парках, на набережной и в скверах города.

Кроме того, ведется борьба с несанкционированными свалками: закуплены 20 фотоловушек, выявлены 43 такие точки, часть уже ликвидирована. Вывозом твердых бытовых отходов занимаются 13 специализированных компаний, а с ноября 2023 года заключен договор с ТОО «Жана-Сана» на организацию централизованного вывоза.

Таким образом, мы комплексно развиваем Талдыкорган: строим дороги, обновляем транспорт, благоустраиваем дворы и парки, переводим котельные на экологически чистое топливо, активно озеленяем территорию.

Все эти меры направлены на то, чтобы сделать наш город современным, безопасным и зеленым центром комфортной жизни.

– Расскажите о ходе подготовки к отопительному сезону 2025–2026 гг. Какие работы проводятся по модернизации инженерных сетей города?

– Подготовка к отопительному сезону в Талдыкоргане ведет-



ся в соответствии с утвержденным планом. За счет бюджетных средств с прошлого года строится внутриквартальная котельная мощностью 49 Гкал/ч в Юго-Западном районе города. Одновременно КГП «Талдыкоргантеплосервис» за счет собственных средств проводит реконструкцию 5,3 км теплосетей на 24 участках и капитальный ремонт котлов №1 и №3 на котельной «Баскуат».

Важным шагом стало строительство газотурбинной станции рядом с котельной «Баскуат» за счет частных инвестиций. Ее мощность составит 84 МВт электроэнергии и 71 Гкал/ч тепла. Уже до ноября текущего года планируется ввести оборудование на 35 МВт и 26 Гкал/ч, что существенно повысит надежность теплоснабжения города. Параллельно завершена реконструкция 1,8 км тепловых сетей



по улицам Дарабоз ана, Абая, Кабанбай батыра и Балпык би.

Обеспеченность топливом – также в зоне особого внимания. Годовая потребность города составляет 65,6 тыс. тонн угля. На сегодня в наличии 12 тупиков, с мая по август реализовано 8,3 тыс. тонн угля, в запасе находится еще 7,8 тыс. тонн. Для котельной «Баскуат» общая потребность на предстоящий отопительный сезон составляет 168 тыс. тонн. В июле текущего года заключен договор с ТОО «ВостокУгольПром», по которому на 11 августа поставлено 24,8 тыс. тонн, в запасе – 31,9 тыс. тонн.

Параллельно проводится модернизация инженерных сетей. В сфере ЖКХ продолжается строительство 4,6 км сетей водоснабжения в селе Еркін, а также 81,9 км водоснабжения и 7,2 км водоотведения по улицам города. В

жилом районе Ынтымак завершено строительство 44 км канализационных сетей, а в городе – 17,4 км линий электроснабжения.

Кроме того, КГП «Жетысу Водоканал» реализует проект по замене 0,6 км водопроводных и канализационных сетей с установкой специального оборудования. Всего в городе ведутся работы по строительству и реконструкции 89 км наружных сетей водоснабжения и водоотведения. На сегодня уже построено 4 км, окончание проекта запланировано на октябрь 2026 года.

– Каким видите областной центр в ближайшие годы и какие приоритеты социально-экономического развития стоят перед ним?

– Я вижу Талдыкорган как современный, устойчиво развивающийся и экологически благополучный город, в котором комфортная, безопасная и «зеленая» среда будет идти рука об руку с экономическим ростом.

Особое внимание в ближайшие годы будет уделено развитию городской инфраструктуры, строительству новых жилых и социальных объектов, а также улучшению экологической обстановки.

Основные направления развития города – это расширение территории в сторону Юго-Западного района и правого берега реки Каратал и строительство новых многоквартирных домов с учетом современных стандартов энергоэффективности и благоустройства. В частности, строительство 22 кредитных домов на 774 квартиры в 11, 12, 13 микрорайонах Юго-Западного района и 18 кредитных домов на 952 квартиры на правом берегу реки Каратал, реконструкция здания областного суда под поликлинику на 500 посещений, строительство новой школы на 1200 мест в 9 микрорайоне, организация участкового пункта полиции в Юго-Западном районе, возведение реабилитационного центра на 150 мест и строительство нового онкологического диспансера на 200 коек на правобережье Каратала.

Инфраструктурными проектами развития Талдыкоргана станут строительство квартальной котельной, газотурбинной станции и модернизация котельной «Баскуат», о которых я уже говорил, реализация крупных проектов по уличному освещению, дорожной сети и инженерным коммуникациям.

В целом, все эти шаги направлены на то, чтобы сделать Талдыкорган городом, комфортным для жизни, привлекательным для инвестиций и перспективным для будущих поколений.

Алма УРАЗАЕВА
Фото Олжаса КУРМАШЕВА



ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



БІЛІМ КЕЛЕШЕГІ: АДАЛ АЗАМАТ, КӘСІБИ МАМАН

Білім саласын дамыту – елдің болашағын айқындайтын маңызды басымдық. Ол халықтың әл-ауқатын арттырудың, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болудың және кемел келешекке қарам басудың негізгі алғышарты болып саналады. Әр оқу жылының қарсаңында білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелер талқыланып, саланың даму бағытына талдау жасалатын дәстүрлі тамыз конференциясы ұйымдастырылды. Аукымды жиынға Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл, білім беру ұйымдарының өкілдері, ұстаздар қауымы және ата-аналар комитетінің мүшелері қатысты. Кеңес барысында алдағы оқу жылына арналған басым бағыттар айқындалып, білім сапасын арттыруға қатысты маңызды мәселелер қаралды.

Ернат Дүйсенбекұлы мектепте буллингтің алдын алу, оқушылардың қауіпсіз ортасын қалыптастыру, жас мамандарды қолдау және менторлық жүйені дамыту негізгі бағыттардың бірі екендігіне тоқталды. Сондай-ақ, инклюзивті білім беру тәсілдерін жетілдіру, оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасау да күнтізбегіндегі мәселе екендігі айтылды. «Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев білім саласының дамуына серпін беретін бес нақты міндетті атап өткен болатын. Бұл міндеттер еліміздің білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған стратегиялық бағдар болып табылады. Алдымыздағы басты мақсат – сапалы білім беру жүйесін дамыту, жас ұрпаққа қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру, ұстаздардың кәсіби беделін арттыру. Жаңа оқу жылы баршаңызға жарқын жетістіктер мен қуанышты сәттер сыйласын»-деді. Жаңа оқу жылында баса назар аударатын басым бағыттардың бірі – білім беру үдерісіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті енгізу. 1–11-сыныптың барлық оқушылары «Жасанды ин-

теллект» курстарымен қамтылады. Ал, педагогтер үшін аталмыш бағытты қолдану бойынша деңгейлік курстар кезең-кезеңімен ұйымдастырылатын болады. Жалпы жаңа оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау алгоритмін негізінде сүйемелдеу, кеңес беру, мониторинг жүргізу, қолдау көрсету бойынша ата-аналармен жүйелі жұмыстар жүргізу, педагогтерде және білім алушыларда кездесетін проблемаларды зерделеу мақсатында мектепшілік бақылауды күшейту, ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету сынды міндеттер қабылданады. «Заман талабына сай табысты, өзгерісті тез қабылдайтын, икемді маманға қалай қолдау көрсетуге болады? Өз жұмысымды жаңа талаптарға сәйкес қалай ұйымдастыра аламын?» деген сұрақтар қазіргі кезде қатты ойландырады. Осы бағытта көмек көрсете алатын бағдарламаның ғылыми-теориялық негіздерін игерген, түсінетін мұғалімдер ғана еліміздің жарқын болашағы жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім бере алады. Мемлекет басшысы білім беру жүйесінің алдында тұрған өзекті мәселелерге тоқталып, нақты міндеттерді айқындап берді. Біздің ортақ міндетіміз – олармен танысып, мектепте іске асыру. Біз бұл бағыттарды жұмысымыздың негізі етуіміз қажет. Бұл – әр сабаққа, әр сыныптан тыс іс-шараға енгізілуі тиіс тұтас философия. Бағдарламаның мақсаты – білімді, отаншыл және жасампаз ұрпақ қалыптастыру. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы белгіленген базалық құндылық аясында жүргізіліп, әр ай белгілі бір құндылыққа арналады»-деді Талдықорған қаласы білім бөлімінің басшысы Шынар Жүсіпқызы. Жиын соңында өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісінде қол жеткізген табыстары мен білім саласына сіңірген еңбектері үшін бірқатар педагогтар марапатталды.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА

МЕКТЕПТЕРДЕ ТАМАҚТАНУДЫҢ ЖАҢА СТАНДАРТЫ



2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап білім беру ұйымдарында жаңа тамақтану стандарты енгізіледі. Бұл өзгеріс Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы №320 қаулысындағы өзгерістерге сәйкес білім беру ұйымдарында оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру талаптарына бірқатар жаңашылдықтар орын алды. Осындай ақпаратпен Білім басқармасы басшысының орынбасары Әли Солтанбеков пен Жетісу облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысы Асхат Чаранұев бөлісті.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бірлескен жұмысының нәтижесінде балалардың жас ерекшеліктері мен физиологиялық

қажеттіліктеріне бейімделген жаңартылған ас мәзірі әзірленді.

Жаңа стандартта ақуыздар, майлар мен көмірсулардың оңтайлы арақатынасы, сондай-ақ дәрумендер мен микроэлементтердің құрамы ескерілген ғылыми негізделген ас мәзірі қарастырылған. Сондай-ақ, перспективалы төрт апталық маусымдық мәзір жасалады.

Мәзірден газдалған сусындар, чипсы, фаст-фуд өнімдері, майонез, маргарин және басқа да зиянды тағамдар алынып тасталды. Қант пен тұз тұтыну деңгейі шектеліп, күнделікті көкөніс пен жеміс-жидек пайдалану нормалары енгізілді.

Рационға ет, балық және құс етінен дайындалған тағамдар, сүт өнімдері мен компоттар енгізілді. Дайындау барысында қайнату, бұқтыру, пісіру және буға пісіру секілді үнемді тәсілдер қолданылады.

Тағамдық аллергиясы бар, сондай-ақ глютен мен лактозаны көтере алмайтын балалар үшін арнайы диеталық мәзірлер қарастырылған. Мектептерде әкімшілік, медицина қызметкерлері және ата-аналар комитеттері өкілдері қатысатын бракераждық комиссиялар жұмыс істеп, тамақ сапасына тұрақты бақылау жүргізіп, қанағаттанушылық мониторингін қамтамасыз етеді.

Жетісу облысының тұрғындары мектеп асханаларындағы бұзушылықтар туралы «Е-Өтініш» порталы арқылы фото немесе бейнематериалдарды қоса тіркей отырып хабарлай алады.

Арай НҰР

КОНСТИТУЦИЯ
ҚАҒИДАТЫ
ДӘРІПТЕЛЕДІ

Талдықорған қаласында тарихи дата Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған ауқымды іс-шаралар бастау алып, жүзеге асуда. Мерейтой аясында ұйымдастырылып жатқан шаралар Ата Заңның қоғамдағы рөлін айшықтап, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға, жас ұрпаққа Конституцияның мән-маңызын түсіндіруге бағытталған. Сонымен қатар, ел бірлігі мен тұрақтылығын нығайту, «Заң мен тәртіп» қағидатын дәріптеу де басты мақсаттардың бірі болып отыр.



Осыған орай өткен баспасөз мәслихатында Талдықорған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Ілияс Сағымбеков пен қала әкімінің баспасөз хатшысы Олжас Құрмашев алдағы жиындар легі жөнінде жан-жақты баяндап берді. Жоспар бойынша қалалық кітапханаларда ақпараттық сағаттар, «Жетісу жастары» КММ-де жастар арасында «Конституциялық IQ» атты интеллектуалды ойын, сондай-ақ, тұрғындардың еркін пікір алмасуына жол ашатын «Ашық микрофон» акциясы, бұдан бөлек, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетовтың қатысуымен ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылмақ. Мерекелік бағдарлама спорттық жарыстарды, құқықтық кеңес беруді және кәсіптік жасқа толған азаматтарға жеке куәлікті салтанатты табыстау рәсімін де қамтиды. Ал 30 тамыз күні тұрғындар үшін мерекелік велошеру мен «Жастар» саябағында шығармашылық ұжымдар мен өңір өнерпаздарының қатысуымен концерт өтеді. І.Бижанұлы «Ата Заңымыз – мемлекетіміздің іргетасы, елдігіміздің темірқазығы. Конституция күніне арналған шаралар арқылы оның қағидаттары халыққа кеңінен жан-жақты түсіндіріліп, жас буынға насихатталады. Бұл тағылымды мерейтой болмақ»-деп атап өтті.

Назерке ӘБІЛҒАЛИҚЫЗЫ

АТА ЗАҢЫМ - АЙБЫНЫМ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай, Талдықорған қалалық аумақтық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен «Ата Заңым – айбыным!» атты ғөңгелек үстел өтті.

Аталған шараға ардагерлер, қалалық Мәслихат депутаттары, учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары және белсенді жастар қатысты. Дөңгелек үстелді Талдықорған қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әділет Рымтаев ашып, шараның маңыздылығына тоқталды. Шарада Жетісу облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт, Талдықорған қаласының Құрметті азаматы, саяси ғылымдарының кандидаты, мемлекеттік қызмет саласының ардагері Тимур Биғожанов, Талдықорған қалалық Мәслихат депутаты Шалқар Оразбаев сөз сөйлеп, Конституцияның маңызы жайлы баяндамалар жасады. Шараға қатысушы жастар өз ойларын ортаға салып, «Ата Заңым - Айбыным» тақырыбына шығарған өлеңдерін оқыды.

Өз тілшіміз

МУЗЫКАЛЫҚ –
ПАТРИОТТЫҚ КЕШ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті мен ҚР Ұлттық кітапханасы бірлесіп ҚР Конституциясының 30 жылдығына арналған «Айбыны асқақ Ата Заң» атты музыкалық-патриоттық кеш пен кітап көрмесін ұйымдастырды.



Шарада елдік пен егемендіктің мәні кеңінен насихатталып, қатысушылар шығармашылық нөмірлер мен кітап көрмесі арқылы Конституцияның маңызымен танысты.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТІП ЖАСАНДЫ ДАУЫС ПЕН ДЕЕРҒАКЕ-ТЕН САҚ БОЛЫҢЫЗ



Қазіргі таңда интернет-алаяқтықтың түрлері күрт көбейіп отыр. Телефон арқылы қоңырау шалу, әлеуметтік желілерде жалған хабарламалар тарату, бейтаныс сілтемелер жіберу сияқты әдістердің қатарына енді деерfake технологиясы мен жасанды дауыс та қосылды. Бұл заманауи технологияларды қылмыскерлер азаматтарды алдау, қаржыларын иемдену және қоғамда дүрбелең туғызу мақсатында жиі пайдаланып жүр. Бұл туралы Жетісу облысы ПД киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары Серік Демейов БАҚ өкілдерімен өткен баспасөз мәслихатында баяндады.

ЗДОРОВАЯ НАЦИЯ ТАКТИКА МЕДСЕСТРЫ ПРИ ВЫЯВЛЕНИИ ПРИЗНАКОВ ИНСУЛЬТА

Инсульт — это острое нарушение мозгового кровообращения, которое может привести к инвалидности или смерти, если помощь не будет оказана своевременно. Для медсестры важно быстро распознать первые признаки и действовать по четкому алгоритму, так как каждая минута влияет на исход.

РАННИЕ ПРИЗНАКИ ИНСУЛЬТА:

- ▲ внезапная слабость или онемение лица, руки или ноги, особенно с одной стороны тела;
- ▲ нарушение речи или понимания слов;
- ▲ резкое ухудшение зрения на один или оба глаза;
- ▲ нарушение координации, головокружение, потеря равновесия;
- ▲ сильная, необычная головная боль без явной причины.

АЛГОРИТМ ДЕЙСТВИЙ МЕДСЕСТРЫ:

1. Немедленно оценить состояние пациента, применяя тест FAST (Face — попросить улыбнуться, Arms — поднять руки, Speech — произнести простую фразу, Time — зафиксировать время начала симптомов).
2. Вызвать врача и скорую помощь, сообщив точное время появления первых

симптомов — это критично для назначения тромболитической терапии.

3. Обеспечить покой: уложить пациента с приподнятой головой на 30°, расстегнуть тесную одежду.

4. Контролировать жизненные показатели — пульс, давление, дыхание, насыщение кислородом.

5. Обеспечить доступ кислорода при признаках гипоксии.

6. Не давать пациенту пищу или воду, чтобы избежать аспирации.

7. Подготовить медицинскую документацию и личные данные пациента для передачи бригаде скорой помощи.

ОСОБЕННОСТИ: медсестра не должна пытаться самостоятельно снижать давление или вводить препараты, не назначенные врачом в этот момент, чтобы не усугубить ишемическое или геморрагическое повреждение мозга.

Главная задача медсестры — максимально быстро распознать инсульт, минимизировать риск осложнений до приезда специализированной помощи и точно передать всю информацию врачу.

Г.АХМЕТОВА, Панфиловская ЦРБ, Н.МЕДЕТБЕКОВА, поликлиника г. Талдыкорган, Г.БАЙЕКЕЕВА, ЦСЗ п. Байкент Нова Инвест

ЭКСТРЕННАЯ ПОМОЩЬ ПРИ АНАФИЛАКТИЧЕСКОМ ШОКЕ

Анафилактический шок — это тяжелая, быстро развивающаяся аллергическая реакция, угрожающая жизни. Она может возникнуть в ответ на укус насекомого, прием лекарств, введение вакцины, употребление определенных продуктов или контакт с аллергеном. Состояние требует немедленных и четких действий медицинского персонала.

ПРИЗНАКИ АНАФИЛАКСИИ:

- ▲ резкое падение артериального давления;
- ▲ затрудненное дыхание, отек гортани, бронхоспазм;
- ▲ кожная сыпь, зуд, покраснение;
- ▲ слабость, потеря сознания;
- ▲ ощущение страха и нехватки воздуха.

АЛГОРИТМ ЭКСТРЕННОЙ ПОМОЩИ:

1. Немедленно прекратить контакт с аллергеном (остановить введение препарата, удалить жало насекомого и т.д.).
2. Вызвать врача или скорую помощь, сообщив о подозрении на анафилактический шок.
3. Ввести адреналин (эпинефрин) внутримышечно в дозе 0,3–0,5 мл 0,1% рас-

твора, при необходимости повторить каждые 5–15 минут.

4. Обеспечить положение пациента с приподнятыми ногами (если нет затрудненного дыхания) для улучшения кровоснабжения жизненно важных органов.

5. Обеспечить доступ кислорода — подача через маску или катетер.

6. Ввести антигистаминные препараты (например, димедрол, супрастин) и глюкокортикостероиды (преднизолон, дексаметазон) по назначению врача.

7. Контролировать пульс, дыхание, давление до приезда бригады скорой помощи.

После стабилизации состояния пациент должен находиться под наблюдением не менее 24 часов, так как возможен отсроченный рецидив реакции.

Компетентность и скорость действий медсестры при анафилактическом шоке напрямую определяют исход ситуации. Постоянная готовность, знание алгоритма и наличие в процедурном кабинете «антишоковой аптечки» — обязательные условия безопасной работы медицинского персонала.

Д.КАСАБАЕВА, педиатр, поликлиника г. Талдыкорган, Г.АХМЕТОВА, Панфиловская ЦРБ, С.ЕСИМБЕКОВА, Коксуская ЦРБ

Жетісу облысы Полиция департаменті деерfake және жасанды дауыс арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттер көбейгенін ескертіп, тұрғындарды сақ болуға шақырады. Құқық қорғаушылардың мәліметінше, қылмыскерлер туысының немесе әріптесінің даусын айнытпай көшіріп, «жедел ақша керек» деген желеумен қаражат аудартуға тырысады. Сондай-ақ ұйым қызметкерлеріне басшылықтың атынан қоңырау шалып, төлем жасауды талап ететін жағдайлар тіркелуде.

Деерfake - адамның бейнесін айнытпай жасайтын жалған фото-бейне технологиясы. Ол жалған ақпарат таратуға, қоғамды адастыруға, беделге нұқсан келтіруге және бопсалауға жиі қолданылады. Полиция мұндай материалдар саясаткерлерге, бизнес өкілдеріне және мемлекеттік қызметшілерге қатысты жасалғанда, оның салдары жеке беделден бөлек, қоғамдық тұрақтылыққа да әсер етуі мүмкін екенін ескертеді.

Жасанды дауыс та алаяқтардың негізгі құралына айналды. Заманауи алгоритмдер бірнеше минуттық аудиоға сүйеніп, адамның үнін, екіпін қайталайды. Соның

арқасында туыстың атынан «апатқа ұшырадым», «шұғыл ақша керек» деген хабарламалар немесе ұйымдарға «басшының тапсырмасы» ретінде жалған нұсқаулар түседі. Мұндай жағдайда полиция азаматтарға ақпаратты міндетті түрде нақтылап, күмәнді қоңыраулар мен хабарламаларға сенбеуді ескертеді.

Құқық қорғаушылардың айтуынша, жалған бейне мен дауыс тек жеке адамдарға ғана емес, ұлттық қауіпсіздікке де қатер төндіреді. Олар қоғамда дүрбелең туғызып, мемлекеттік институттарға деген сенімді әлсіретуі және қаржылық қылмыстарға жол ашуы мүмкін. Осыған байланысты полиция прокуратура, қаржы ұйымдары және IT-секторымен бірлесіп, күмәнді контентті анықтау тетіктерін күшейтіп, азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыруда.

Полиция департаменті ақпаратты тексеруге, белгісіз сілтемелерді ашпауға, бейне мен аудионы бірнеше дереккөзден растауға кеңес береді. Ұйымдарға төлемдерді растаудың көпсатылы тәртібін енгізу ұсынылады. Жалған ақпарат тарату, алаяқтық және бопсалау заңмен қатаң жазаланатыны ескертіліп, күмәнді жағдайға тап болғандар дереу 102 нөміріне хабарласуы қажет.

Арай НҰР

АЛГОРИТМ ДЕЙСТВИЙ

ПРИ ВНЕЗАПНОЙ ПОТЕРЕ СОЗНАНИЯ У РЕБЕНКА

Потеря сознания у ребенка — это острое состояние, требующее немедленной реакции. Причины могут быть разными: обморок (вазовагальный синкоп), травма головы, судорожный приступ, сердечные или дыхательные нарушения, интоксикация, обезвоживание. Независимо от причины, приоритетом является восстановление жизненно важных функций и предотвращение осложнений.

ПОШАГОВЫЙ АЛГОРИТМ ПОМОЩИ:

1. Оценка безопасности — убедиться, что место происшествия не представляет угрозы для ребенка и оказывающего помощь.
2. Проверка реакции — осторожно окликнуть ребенка, слегка потрясти за плечо.
3. Вызов помощи — позвать коллег, при необходимости вызвать скорую помощь (103), сообщив возраст ребенка и обстоятельства.
4. Оценка дыхания и пульса:
 - ▲ если дыхание есть — уложить ребенка на спину, ноги приподнять на 20–30 см (если нет подозрения на травму);
 - ▲ если дыхания нет — немедленно начать сердечно-легочную реанимацию

(30 компрессий грудной клетки на 2 вдоха) и продолжать до приезда скорой помощи или восстановления дыхания.

5. Обеспечить доступ свежего воздуха — расстегнуть одежду, открыть окно.

6. Контроль состояния — следить за цветом кожи, дыханием, реакцией зрачков, при необходимости продолжать поддерживающие мероприятия.

7. После восстановления сознания — не давать ребенку вставать резко, обеспечить покой, предложить воду, наблюдать до осмотра врачом.

ВАЖНО:

▲ При подозрении на черепно-мозговую травму ребенка не перемещать без необходимости.

▲ При судорогах — защитить голову, не вставлять предметы в рот.

▲ При подозрении на отравление — сообщить врачу для определения дальнейших действий.

Быстрая и правильная реакция медицинского работника позволяет предотвратить тяжелые последствия и в ряде случаев спасти жизнь ребенка.

Д.КАСАБАЕВА, педиатр, поликлиника г. Талдыкорган, Г.АХМЕТОВА, Панфиловская ЦРБ, Н.МЕДЕТБЕКОВА, поликлиника г. Талдыкорган

РОЛЬ ПРОЦЕДУРНОГО КАБИНЕТА В РЕАЛИЗАЦИИ ПЛАНОВ ПЕДИАТРИЧЕСКОГО ЛЕЧЕНИЯ

Процедурный кабинет занимает ключевое место в системе оказания медицинской помощи детям, обеспечивая выполнение назначений педиатра в рамках комплексного лечения. Его деятельность направлена на точное и своевременное проведение диагностических и лечебных процедур, что напрямую влияет на эффективность терапии и скорость выздоровления пациента.

Одной из основных задач процедурного кабинета является выполнение назначений педиатра в строгом соответствии с медицинскими стандартами. Здесь проводятся инъекции, внутривенные и внутримышечные введения лекарственных препаратов, забор крови и других биоматериалов для лабораторных исследований, постановка капельниц, проведение вакцинаций.

Важным аспектом работы процедурного кабинета является соблюдение правил асептики и антисептики. Это особенно актуально в педиатрии, где организм ребенка более уязвим к инфекциям. Все манипуляции выполняются с учетом возраста ребенка, его физиологических особенностей и возможных психологических реакций.

Процедурный кабинет также играет

значимую роль в профилактической работе. Вакцинация, туберкулинодиагностика, контроль за своевременностью профилактических прививок — все это является частью реализации плана педиатрического лечения, направленного на укрепление иммунитета и предупреждение заболеваний.

Кроме того, взаимодействие процедурного кабинета с педиатром обеспечивает обратную связь: результаты проведенных процедур, реакция организма ребенка на лечение, необходимость коррекции назначений. Такая координация позволяет выстраивать индивидуальный подход к каждому пациенту.

Таким образом, процедурный кабинет является неотъемлемым звеном в реализации педиатрических планов лечения, обеспечивая точное выполнение назначений, профилактику заболеваний и контроль за состоянием здоровья детей. Эффективная работа процедурного кабинета в тесном взаимодействии с педиатром повышает качество оказания медицинской помощи и способствует улучшению здоровья детского населения.

Г.АХМЕТОВА, Панфиловская ЦРБ, Н.МЕДЕТБЕКОВА, поликлиника г. Талдыкорган, Д.КАСАБАЕВА, педиатр, поликлиника г. Талдыкорган



«ЖАРКЕНТ МЕШІТІ» АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында Жетісу облысындағы Панфилов ауданында «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер мұражайының маңайы абаттандырылды. Сонымен қатар туристік нысан айналасындағы көшелерді жаңғырту жұмыстары да жүргізілуде.

Аудан әкімдігінің мәліметінше, Жаркент қаласында абаттандыру бағытында 3 жоба іске асырылып жатыр.

- Біз ең алдымен «Жаркент мешіті» туристік нысанының маңын көркейттік. Бұл - Юлдашев көшесінің Масанчи және Гапаров көшелері аралығындағы бөлігі. Онда өрметтас төселді, орындықтар, қоқыс жәшіктері орнатылды, жарықтандыру жүргізілді, 30-ға жуық ағаш, гүлзар мен көгал егілді. Осындай абаттандыру жұмыстары Головацкий көшесінің Жібек жолы-Масанчи аралығындағы бөлігінде де басталды. Бұған дейін 2023 жылы қоғамдық тыңдалым кезінде тұрғындар «Арбат» типіндегі серуен алаңын жасау туралы ұсыныс айтқан болатын. Соған сәйкес қаланың Бас жоспарына өзгерістер енгізіп, жоспар әзірледі. Қазір «Арбаттың» құрылысы басталды. Шатырлар, орындықтар орнатылып, шағын архитектуралық форма-лар қойылып, көпшілік серуендейтін әдемі демалыс орнына айналады, - деді Панфилов ауданы әкімінің орынбасары Дидар Ешенов.

Оның айтуынша, Жібек жолы даңғылының шығыс бөлігі де абаттандырылады.

Аталған үш жоба аясында 500-дей ағаш егіліп, автоматты суару желісі орнатылады. Көшелердің жалпы көлемі 20,7 мың шаршы метр болатын учаскесі абаттандырылады.

Жаркент қаласының тұрғындары мұндай бастамалардың қолға алынғанын қуана қолдайтындарының білдірді.

- Жабайы сауда мен такси жүргізушілерінің ретсіз қойылған көліктерінің кесірінен Жаркент қаласындағы орталық, атап айтқанда базар маңындағы көшелерден жаяу адам өте алмай қиналатынын. Ұзақ жылдар бойы шешілмей келе жатқан бұл мәселе быыл қолға алынып, орталық көшелер абаттандырылып жатыр. Өзім жұмысқа барар жолда күнделікті осы көшелерден өтемін, көргенге көз сүйінеді. Тап-тұйнақтай, жинақы, жаңа. Кешілік бала-шағамен серуендеуге қолайлы әрі қауіпсіз демалыс орны пайда болғанына қуаныштымыз, - дейді қала тұрғыны Зульфия Шамиева.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

АЛҒЫС

АТЫНА ЛАЙЫҚ «МЕЙІРІМ»

Талдықорғандағы «Мейірім» оңалту орталығы ЖШС – медициналық қызметтер нарығында 2022 жылдан бері табысты жұмыс істеп келеді. Оңалту қызметі – ауыр ата жасалған немесе созылмалы сырқаттан ағзасында ауытқу пайда болған жандарға денсаулығын түзеп, бұрынғы қалпына келуге көмектесетін әлеуметтік қызмет.



«Мейірім» оңалту орталығының басшысы бұрын Талдықорған қалалық емханасында жұмыс істеген кезінде Жетісу облысында мұндай орталық ашу қаншалықты қажет екенін өзі көріп, көзі жеткен. Себебі жергілікті ауруханаларда мұндай бөлімшелер жоқ. Осылайша, 2022 жылы ол Талдықорған қаласында оңалту орталығын ашу туралы шешім қабылдады. Алдымен үй-жайды жалға алды, косметикалық жөндеу жүргізді, қажет жиһаздар мен жабдықтар сатып алды. Лицензия алған соң олар ересектерге стационарлық көмек, медициналық оңалту, қалпына келтіру, емдеу, физиотерапия, массаж, невропатология сияқты қызметтер көрсете бастады. Екі жыл ішінде «Мейірім» медициналық оңалту орталығы осы салада сұранысқа ие әрі танымал болды. Осыған байланысты кәсіпкер Ерасыл Еділханұлы жалдап отырған ғимаратын сатып алып, медициналық қызметтер ауқымын кеңейтуге шешім қабылдады. «Forte Bank» АҚ-ға жүгінген ол инвестиция үшін несие алды. Жобаны «Даму» Қоры «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаның» 2-ші бағыты аясында субсидиялап, кепілдік берді. Қазір «Мейірім» оңалту орталығында 32 төсектік орын бар. Сондай-ақ дәрігер, медбике, санитар, массаж жасаушы сияқты 20-дан астам кәсіби медицина қызметкері жұмыс істейді. 2023 жылдан бастап «Мейірім» оңалту орталығында неврология және реабилитология бөлімінің меңгерушісі қызметін Абдильдинов Айбек Жеңісұлы атқарады. Айбек Жеңісұлы Семей мемлекеттік медицина университетіне 2012 жылы түсіп, 2019 жылы жалпы тәжірибе дәрігері мамандығын алды. 2019 жылы Талдықорған қаласында 1 қалалық емханасында мамандығы бойынша алғаш қызметін бастады. 2020 жылы коронавирус пандемиясы кезінде мобильдік бригадада бірінші кезекте 2021 жылға дейін жұмыс атқарды. 2022 жылы неврология мамандығына байланысты қайта даярлау оқуынан өтті. 2023 жылдан бастап Ерасыл Еділханұлы басқаратын Талдықорған қаласындағы «Мейірім» оңалту орталығында, неврология және реабилитология бөлімінің меңгерушісі қызметін нәтижелі атқарады. Халыққа адал қызмет атқарып, нәтижелі емдеу жүргізіп отырған «Мейірім» жұмысына үлес қосып отырған медбикелер Алтынай, Гүлсім, Нұрсәт, физиотерапия медбикесі Ляззат. Массаж жасаушы Қайрат, Нұржан. Санитаркалар Іңкер, Жанна, аспазшылар Динагүл, Әлия. Осы ұжымға ем алған өзімде алғыстан басқа айтарым жоқ! Жаңа жетістіктерге жетулеріне тілектеспін!

Байжан СЕЙІТҚҰЛОВ,
Сарқан ауданы, Қарабөген ауылының мұғалімі

ТӘРБИЕ

АТА-БАБА ДӘСТҮРІ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

«Ел боламын десең, бесіңді түзе», - деген ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Әлемдегі ең озық мемлекеттердің қатарына қосылып, терезесі тең болуды мақсат еткен қазақ халқы ата-баба дәстүрін жалғастырып келеді. Қай заманда болмасын бабаларымыз ұрпақ тәрбиесін, ұлт тағдырын, салт-дәстүрін, болашағын еш уақытта назардан тыс қалдырған емес. Енгеше ғасыр бойы жалғасып келе жатқан мәдениетімізді, тарихымызды, ұлттық санамызды, тілімізді жасөспірімдерге жеткізу баршамыздың парызымыз.

«Ауылыңның маңында төбе болса, ерттеулі тұрған атпен тең, ауылыңда ақылгөй қария болса, жазып қойған хатпен тең»- деген екен біздің бабаларымыз. Ия, өткенімізді осы үлкендерсіз елестету қиын. Осы бағытта жыл сайын үлкен жауапкершілікпен, үлкен абыроймен тәрбиелік мәні зор шаралар ұйымдастырып, қорытындылап еңбек етіп жүрген «Талдықорған қаласы ардагерлер ұйымына» өз ризашылығымызды білдіреміз. «Ата-баба дәстүрі ұрпаққа аманат» бағдарламасына орай бекітілген жоспарға сәйкес қаланың барлық мектептері танымдық тақырыптар бойынша мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырды. Ол отансүйгіштік, патриоттық қоғамға жат қылықтардың алдын-алу ұлдардың, қыздардың тәрбиесі, бала тәрбиесіндегі әкенің, ананың рөлі, көркем сөйлеу, ән айту, жатқа өлеңдер оқу, салтымызды, ата-баба дәстүрін құрметтеуге баулу т.б тақырыптарда өткізілген болатын. Қандайда үлкенді – кішілі шара, кезде-су, қойылымдар көрсету үшін қаншама білім, күш жігер, ізденіс, қабілет, талант керек. Осы қасиеттердің бәрі ұстаздардың, балалардың бойынан табылып көзделген тапсырмалар дер кезінде орындалды. 2024-2025 оқу жылында ұйымдастырылған тақырыптық шаралардың қорытындысы бойынша «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Н.Островский атындағы №8 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қала оқу орындары арасында 1-орынға ие болып «Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің» Құрмет грамотасы мен бағалы сыйлық – түрлі түсті



теледидармен марапатталды. Мектеп ұстаздары Риза Чакарова, Нұрзия Қаржау, Аида Жиенгельдинова Жетісу облыстық білім басқармасының, қалалық білім бөлімінің, Ардагерлер кеңесінің Құрмет грамоталарына ие болды. Осы шараны өткізуге белсене арласқан барлық мектеп ұжымына да алғысымыз шексіз. Жастардың бойына жағымды қасиеттерді сіңіру, болашағына бағыт-бағдар көрсету, қоғам ортасына бейімделуін қалыптастыру, рухани, отбасы құндылықтарын жеткізу қазіргі таңдағы ең негізгі міндет, ең негізгі мәселе. Білім беру мекемесі мен отбасы, ата-ана мен ұстаздар, мемлекеттік органдармен қоғамдық ұйымдар бірлесіп, ұйымдасқан түрде жұмыс атқарса, нәтижесі де оң болары сөзсіз.

«Ойды ой қозғайды» - деп Шерхан Мұртаза ағамыз көрсеткендей аға буын ағаларымыз бен әжелеріміздің ұйымдастыруымен өткізілген шара, жарыс, байқау, көрмелерден аларымыз, көреріміз, үйренеріміз өте көп және өмірде пайдаланудамыз. Осындай дәстүріміз жалғаса берсін.

С.ДОЛАЕВ,
«Н.Островский атындағы
№8 орта мектеп» КММ директоры

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТИП

ВАЛЮТА, ТЕМЕКІ, ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОНДАР КОНТРАБАНДАСЫ

«ШЫХО-Қорғас» кеден бекеті кеден заңнамасын бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде.

2025 жылдың алғашқы жеті айында «ШЫХО-Қорғас» кеден бекетінің қызметкерлері шекара арқылы тауарлар мен валютаны заңсыз өткізудің ондаған фактісін анықтады. Кейбір тұлғалар электронды темекі, телефон және басқа да гаджеттерді алып өтпек болған.

Ең ірі ұстаулар декларацияланбаған қолма-қол ақшаға қатысты. Осы кезеңде жалпы 26 жағдай анықталып, оның барысында 343 мың АҚШ долларынан астам ақша тәркіленді.

Сот шешімдерімен 12 миллион теңгеден астам сомаға айыппұл салынды, ал мемлекет кірісіне тағы 50 миллион теңге (94 мың долларға жуық) өндірілді.

Сонымен қатар, темекі мен техника да «өтімді» тауарлар болып шықты. «ШЫХО-Қорғас» кеден бекетінің қызметкерлері заңсыз өткізудің жолын кесті:

► 629 дана электронды темекі;



► 3 270 қорап темекі;
► 347 орам қалыан темекісі;
► 225 дана ұялы телефон.

Аталған заттардың барлығы сот шешімімен тәркіленіп, мемлекет меншігіне алынды.

САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ КАБИНЕТІНДЕ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

Құрметті салық төлеушілер!

Мемлекеттік кірістер комитеті жаңа «Салықтық әкімшілендіру интеграцияланған жүйесін» (СӨИЖ), оның ішінде салық төлеушінің жаңа кабинетін (СӨИЖ СТК) кезең-кезеңімен іске қосу жүргізілуде.

2025 жылғы 25-тамыздан бастап СӨИЖ СТК-не келесі нысандары табыс етуге қол жетімді болады:

1. Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтаманы алу туралы салықтық өтініші;

2. Салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы салықтық өтініші;

3. Салық төлеушінің (салық агентінің) салық есептілігін кері қайтарып алу туралы салықтық өтініші;

4. Грант қаражаттары есебінен сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша төленген қосылған құн салығын қайтару туралы

салықтық өтініші;

5. Қосылған құн салығының асып түскен соммаларының дұрыстығын растау бойынша салықтық өтініші.

СӨИЖ СТК-не кіру үшін <https://knp.kgd.gov.kz> сілтеме арқылы өтуге болады.

СӨИЖ салық төлеушінің кабинетінде жұмыс істеу жөніндегі Пайдаланушы нұсқаулығы СӨИЖ салық төлеуші кабинетінің Қолдау – Көмек – Анықтамалық ақпарат бөлімінде орналастырылған

Сұрақтар туындаған жағдайда қолдау қызметіне:

1. knpsd@ecc.kz электронды мекенжайы арқылы;

2. 8(7172)73 55 11 және +7(705) 956 53 71 телефондары арқылы хабарласа аласыз.

Назарларыңызға:

СӨИЖ СТК жүйесінің функционалы іске қосылуына байланысты, көрсетілген нысандары ескі СТК және СӨИЖ арқылы ұсыну мүмкіндігі бұғатталатынын ескертеміз.

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02

E-mail: taldyk@bk.ru

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.

ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.

Тапсырыс №895 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.

● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.

● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасы білдірмейді.

● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнын мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.

● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.

● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.